




Ахмет Яссауи



Ахмет Яссауи

Жазушы: Севна Сомунжуоглу

Суреттер: Али Чаган Узман

Кеңесші: Профессор Доктор Неждет Тосун

Кеңсе координаторы: Халил Улусой

Жариялауға дайындаған: Мехлика Гидер

Редакция: Елиф Туранлыоглу Бултан

Баспа орны: Түркістан

ISBN: 978-9944-237-36-9



АХМЕТ ЯСАУИ
УНИВЕРСИТЕТИ

© Ahmet Yesevi Üniversitesi

Mütevelli Heyet Başkanlığı

Taşkent Cad. Şehit H. Temel Kuşuoğlu Sokak. No: 30

06490 Bahçelievler/ANKARA

Tel: 0312 216 06 00 • Faks: 0312 223 34 29

www.ayu.edu.tr yayinlar@yesevi.edu.tr



Ардақты балалар...

1093 жылы Сайрам қаласында дүниеге келдім. Сайрам, баяғы заманда Яссы, ал қазір Түркістан деп аталатын қалаға жақын орналасқан көне шаһар. Әке-шешем қайтыс болғаннан кейін әпкем мені кішкентай кезімде білім алу үшін жаңа айтқан Яссыға әкелген болатын. Сөйтіп, мінекі сол уақыттарда халық арасында Арыстанбаб деген атпен танымал болған әулие адам Хазіреті Пайғамбарымыздың аманат еткен міндетін орындап, маған жәннат құрмасын тарту етті. Бұл не нәрсе, қандай құрма екен деп таңғалып отырған болсаңдар керек? Ия, сонымен, жәннат құрмасы деген не? Бәлкім, қәрия Арыстанбаб әулиенің түсінде көрген құрма жайлы оқиғасы ғасырлар бойы ауыздан ауызға көшіп мынадай аңыз, әпсана күйінде бізге жеткен болар:



«Хазреті Пайғамбардың өзі қатысқан дін жолындағы соғыстарының бірінде әбден әлсіреп, қарны ашқан сахабалар пайғамбардың жанына келіп, жейтін тамақ сұраған екен. Хазреті Пайғамбар Жаратқан Аллаға дұға етіп, оның дұғасы қабыл болып Жебірейіл періште жәннаттан бір табақ құрма әкеліп береді. Сол уақытта, құрманың біреуі ыдыстан жерге домалап кетеді екен. “Бұл құрма Сіздің үмметіңізден келетін Ахмет Яссауи есімді адамның несібесі” – деп Жебірейіл періште айтқаннан кейін, аманатты иесіне жеткізу үшін, Хазреті Пайғамбарымыз құрманы Арыстанбабтың аузына салады және жүздеген жылдардан кейін дүниеге келетін Ахмет Яссауидің тәрбиесімен айналысуын тапсырады екен»...



Шамамен төрт жүз жыл өмір сүрген әулие Арыстанбаб ата мені тауып, өзіне жүктелген уәзипасын абыроймен атқарды. Осы және басқа да көптеген себептерге байланысты Арыстанбаб ата менің рухани әкем ретінде аталады. Негізгі ілім мен білім, тәрбиені рухани әкемнен алдым. Ол қайтыс болғаннан кейін аяқталмай қалған білім жолын Бухара қаласында жалғастырдым. Одан кейін Самарқан қаласына барып сол дәуірдің атақты ғалымдарынан дәріс алдым. Өйткені, Бухара мен Самарқан қалалары аты әйгілі ғалымдар мен сопылар мекендеген Орта Азияның ірі мәдениет орталықтарының бірі еді.

Бұл жерде Шейх Жүсіп Хамаданиден дәріс алып, оның сүйікті шәкірттерінің бірі бола білдім. Ұстазым қайтыс болғаннан кейін оның орнына ұстаздық ету құрметіне ие болдым. Бірақ, өзімнің туған жеріме қайта оралу, осында қызмет ету ойы үстем келіп Яссыға қайтып келдім....

Яссы шәнарында құлшылық орны, оқу бөлмесі деген мағына беретін «дәргән» құрып адамдарға діни әрі рухани тәрбие берумен айналыстым. Сопылық ойларымды түркі тілінде жазылған қарапайым өлең (хикмет) жолдарымен жеткіздім. Өйткені, менің пікірімше Исламның негізі болып саналатын адамға деген сүйіспеншілік пен адалдық тек халықтың түсінетін тілінде ғана жеткізілетін болса, сонда ғана өзінің көздеген мақсатына жетеді. Жазған өлеңдерім анадан балаға, атадан немереге, ұстаздан шәкіртке жетіп тарады әрі жүздеген жылдар бойы ұмытылмады. Арадан көптеген жылдар өткеннен кейін терең ойлы өлеңдерім «Диуани Хикмет» деген атпен жинақталып тарады.





Менің басты мақсатым хикметтер көмегімен халыққа тәлім-тәрбие беру, үгіт-насихат айту болғандықтан, үлгі болар деген ниетпен пайғамбарлар, періштелер мен атақты тұлғалардан сыр шерттім. Жақсының жанына жаманды, қатенің жанына дұрысты қойып адамдардың осы айтылғандарды салыстыра қарауларына бағыт-бағдар бердім.

Осы тұрғыдан алғанда «Диуани Хикмет» шығармасы дінді үйрететін, жақсы мен жаманның аражігін ажыратып беретін, сондай-ақ атақты тұлғаларды үлгі етіп көрсететін өлең түрінде жазылған әдеби шығарма деуге болады. Жүсіп Баласағұнның жазған «Құтты білік» шығармасынан кейінгі түркі сопылық әдебиетінің ең көне нәм әйгілі туындыларының бірі болып табылады.



Жетістікке жетудің, биік шыңдарға жетудің негізі - адамның өмірінде уақытты тиімді (үнемді) пайдалануы болып табылады. Алға қойған мақсаттарыңа жету үшін уақыттарыңды тиімді пайдалануларың керек. Мен бір күндік уақытымды үшке бөліп өткіздім. Күннің бірінші жартысын Аллаға жақындау үшін ғибадат етумен, екінші жартысында шәкірттеріме білген нәрселерімді айтып, білім үйретумен өткіздім. Білген нәрсеңді үйрету ең қайырлы істердің бірі болып табылады. Ал, күннің үшінші жартысында маңдай термен табылған табыстың, еңбекпен, адал жолмен келген астың берекелі екендігін түсініп ағаштан қасық, ожау жасап оларды сататын едім.


Тура жолды адамға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың көрінісі деп біліп, соны сендермен бөліскім келіп отыр. Балалар менің бір өгізім бар еді. Адал еңбекпен табыс тауып, күн көруім үшін жасаған қасық-ожауларымды сол өгіздің үстіндегі қоржынға салып, оны Яссы базарына қарай жіберетін едім. Кешке дейін өгізім көшелерді аралап, адамдарға қасық-ожау жеткізіп беретін еді. Яссы қаласының тұрғындары сатып алған қасық-ожауларының ақшасын өгізімнің үстіндегі қоржынға салатын еді. Адамдардың айтуынша егер біреу қасық-ожау сатып алып ақшасын төлемеген болса, қасық-ожаудың ақшасын төлемегенше өгізім оның артынан қалмайды екен. Адамдар ол адамға бір түрлі қарап «Ақшасын бермейсің бе?» - деген сыңай танытады екен.

Айтқым келген нәрсені әрдайым халықтың түсінетін қарапайым тілінде айттым. Яғни, әрқашан түркі тілінде сөйлеп, түркі тілінде айттым. Мен өмір сүрген дәуірде түркі халықтары көшпелі халық еді.




Түркістан өңіріндегі халықтардың Исламды топ-топ болып қабылдай бастаған 10-шы ғасыр түркі әлемі үшін тарихи кезең болып табылады. Осы ғасырдан бастап түркі халықтары Ислам дінін қабылдады. Мен бір жағынан Ислам дінінің үкімдерін, сопылық жолдың негіздерін, тариқаттың тәртіп-негіздерін үйретуге тырысып, бір жағынан да Ислам дінін түркі халықтарының арасына жаюды өзімнің алдыма мақсат етіп қойдым. Шәкірттерге тәлім-тәрбие беріп, ұстаздық қызметпен айналысқандықтан хикметтерім қарапайым тілде жазылып, өлең түрінде қабылданды. Сол себептен ата-аналар, ата-әжелер, мұғалімдер айтқан хикметтерімді жаттап, түсініп өздерінен кейінгі ұрпақтарға жеткізіп отырды.





Шәкірттерімнің саны жүз мыңнан асты. Оларға сабақ беріп, білген нәрселерімді үйреттім. Шәкірттерімнің ең негізгі ерекшеліктерінің бірі ел аралап, халыққа білген нәрселерін үйрету еді. Сондықтан олар қыстың суығына, жаздың ыстығына қарамай ел аралап, халықты жақсылыққа, сүйіспеншілікке, тура жолға шақырды. «Білімі жоқтың кереметі болмайды» - деген қағидаға сүйеніп білім берген шәкірттерім бір жағынан менің хикметтерімді жеткізсе, бір жағынан Анадолы мен Балкан елдерінде жүздеген ауылдар мен елді мекендердің пайда болуына ықпал етті.



Осы жерлерде жүздеген жылдар бойы ауыздан-ауызға айтылған хикметтерім Мәуланаға, Хажы Бекташ Уәли мен Жүніс Әміреге жетті. Олардың шығармаларында адамды сүю, құрметтеу, татулық, достық, түсіністік деген тақырыптардың жазылуына себеп болды. Жүніс Әміренің «Маған сен керексің - сен», - деген сарындағы өлеңі, менің «Маған тек сен керексің» - деген өлеңіме мағына жағынан өте ұқсас әрі үндес болып келеді.



Мен шәкірттерімді «Кәпір болса да ешкімді ренжітпе. Өйткені адамды ренжіту Алла Тағаланы ренжіту деген сөз», «Көңілі қаяу адамды көрсең, оның қайғысына ортақ болып, оған жәрдем бер» - деген ұстаныммен тәрбиеледім. Сондықтан Исмаил Ата есімді шәкіртімнен «Халықты Алла Тағалаға жеткізетін қанша жол бар?» - деп сұрағанымда, ол: «Халықты Алла Тағалаға жеткізетін жолдардың санағы жоқ. Бірақ, бір мұсылманға жан тыныштығын сыйлаудан, пайдаңды тигізуден артық жақын жол жоқ», - деп жауап берді.





Мен туралы көптеген аңыз-әңгімелер айтылды. Тырнаға айналып ұшып кетуім де осы аңыз-әңгімелердің бірі болып саналады. Тырна тазалық, пәктік, туралық, адалдық, сабырлық, сүйіспеншілік және құрметтің рәмізі болып табылады. Сүйікті балалар, осы қасиеттерді жүрекке орнықтырыңдар, өйткені мұндай адами құндылықтар жүректеріңіздің қанатына айналады. Тырналар жүректеріңді қанаттандырады. Қашан да қанатын самғап ұшқан құс көрсеңдер өздеріңе сүйіспеншілікті, сабырлықты, адалдықты серік ету керектігін еске түсіріп, жүректеріңді қанаттандырыңдар.



Қымбатты балалар,

Ахмет Яссауидің өмірі баяндалған бұл шағын кітапша, сендердің қызығушылықпен оқып оны танып-біле алатындай етіп жазылды. Ахмет Яссауиді сендерге жақынырақ таныстыру үшін оның өмірінен қысқаша үзінділер келтіруге әрекет еттік. Ардақты балалар, сендерге өнегелі тәрбие мен білім дариясының иесі саналатын Ахмет Яссауиді таныту және естеріңе салу үшін ұмтылдық.

Адамзат баласына өмірде бағыт-бағдар беретін көшбасшы азаматтарды тәрбиелеуді мақсат еткен Ахмет Яссауи, өзінің тәрбиелеген шәкірттері арқылы Анадолы жерінде Ислам дінінің кеңінен таралуына себеп болды. Оның шәкірттерінің есімдерін Анадолыдан бастап Балкан елдеріне дейінгі көптеген жерлерден естиміз. Кішкентай кезінде білім алу үшін өзінің туған жерінен алыс жерлерге барып өзін жетілдіріп, түркі халықтарының арасында Ислам дінін жайған, көп қызмет еткен. Оның хикметтері жүздеген жылдар бойы түркі халықтарының арасында ауыздан-ауызға айтылып, бүгінгі күнге дейін жеткен. Ол адамдарға жәрдем беруді, жақсылық жасауды, адал болуды, сүйіспеншілікті, ізгілік пен құрметті насихаттады. Түркі тілінде жазылған хикметтерімен біздерге жол көрсетті. Келешегімізді өздеріңе аманат етіп тапсыратын сүйікті балалар сендердің терең тарихымызды біліп, жарқын болашаққа нық сеніммен қадам басуларыңа шын жүректен тілектеспіз.

Профессор, доктор Мұса ЙЫЛДЫЗ

Ахмет Яссауи университетінің

Өкілетті Кеңес төрағасы

